

## Бабалар мұрасы

Ұрпағына ғибратқа толы сөз өнері – шешендікті, өр рухты батылдықты, қайтпас қайсарлықты, талмас талап пен шеберлікті нәсіп етіп қалдырған бабаларыма мың алғыс! Қазақ еліне ұланғайыр жерді жанымен қорғап, аманат етіп, өздері ұстанған салт дәстүрін, әдет – ғұрыптарын, ән – күй, би өнерін ертеңіне өнеге ете білген. Баба қанымен бізге жеткен киелі жерімізді қорғау біздің перзенттік парызымыз болса, тілі мен дінін сақтау азаматтық борышымыз. Бүгінде дүние есігін бесік жырымен ашып, өмірімізді түрлі салттарымызбен жалғап, жоқтау жырымен жер қойнына енеміз. Өміріміз дәстүрімізбен біте қайнасып, ғұмырымыз ғұрыптарымызбен сабақтасып жатыр. Сонымен қатар бұрынның көзіндей болып бізге жеткен, қазірде он саусағынан өнер тамған ісмер ұлт азаматтары дамытап келе жатырған қолөнер дәстүрлеріміз бар, оларға: ағаштан, жүннен, киізден, теріден, сүйектен, тұяқтан, мүйізден, металдан, тастан, қыштан жасалатын бұйымдар, арқан жіп есу, киіз басу, киім тоқу, зергерлік, ши тоқу, кесте, киім, аяқ киім тігу, ер – тұрман жасау жатады. Бұларды біріміз білсек біріміз біле бермейміз, ұлықтап ұрпаққа жеткізу сіз бен біздің парызымыз.

Ұлттығымызды айғақтар ұлттық асаптарымызда баба мұрасы емес пе?! Жаныңды әсем сазға бөлер, әннен шуақ шашар екі ішекті – домбырамызды, көп ішекті жетігенімізді, бай тембрлі – қобызымызды, ежелгі шекті аспап – шертерімізді, шертпелі аспап – адырнамызды, ырғақтатып, сілкіп, шайқап ойналатын - асатаяғымызды, ұрылып ойналатын көне саз аспабы – дауылпазымызды неге айтпасқа?! Сондай –ақ ұлттық нақыштағы, оюмен өрнектелген кесенелеріміз бен ескерткіштеріміз де баршылық. Түркістан қаласындағы ХІҮ ғасырдың аяғы-ХҮ ғасырдың басындағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, ХІХ ғасырда салынған Сайрам ауданындағы Қарашаш ана мавзолей, Ежелгі Отырар қаласына жақын жердегі ХІ ғасырда өмір сүрген Арыстан баб кесенесі, ХІІ ғасырда салынған Тараз қаласындағы Айша бибі кесенесі, ХІ ғасырдан сақталған қазіргі Тараз қаласындағы Әулие ата күмбесі, Жезқазған қаласындағы Жошы хан күмбесі, Қызылорда облысындағы Асан ата күмбесі, Х-ХІХ ғғ. аралығында іргесі қаланған қорым, *Атырау облысындағы* Шақпақ ата ескерткіші – архитектуралық ескерткіштеріміз сәулет өнеріндегі еліміздің бүгінгі жетістігі, кешегі баба аманаты. Осы секілді көптеген көненің көзі болған ғимарттарымыздың бірі ретінде ЮНЕСКО дүние жүзі мұралары тізіміне 2003 жылы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, 2004 жылы Тамғалы кешені енген болатын. Бұлда біздің мәдени байлығымыздың асқақталып, әлемді мойындатқанының айғағы. Мәдени мұра ұрпаққа ұлағат дей отыра, елімнің тарихы мен мәдени ескерткіштерін мәңгі өшпес қазына ретінде естен шығармауға тырысамын. Ата – бабамыздың ұлағатты сөздері бізге не үйретсе, бізде соңы өскелең ұрпаққа тәрбие ретінде жеткіземіз. Өткенді қастерлеу арқылы болашағымызды баянды да бақытты етеміз деп білемін.